

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Нұрғаным Имашева

МУНАЙ ЭПОПЕЯСЫНЫҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІ

Қамқа Үмбеталина
Жолдас Тоқжанов
Базарбай Қосмағамбетов



Алматы 2011

УДК 622.32

ББК 33.36

T

Нұрғаным Имашева

Мұнай эпопеясының кейіпкерлері – Алматы, 2011. 176 б.

ISBN

Бұл кітапқа елімізге белгілі мұнайшылар, мемлекеттік деңгейдегі жоғары марапат, атақтардың иегерлері, ұзақ жылдар бойы Маңғыстау түбегінде өлшеусіз еңбек етіп, бірнеше кен орындарын ашқан әмбебап мамандар – Қамқа Үмбеталина, Жолдас Тоқжанов, Базарбай Қосмағамбетовтің өмір жолы, Қазақстан мұнай өнеркәсібін дамытудағы мол үлесі әңгімеленеді. Биыл алғашқы фонтан атылғанына 50 жыл толып отырған Маңғыстау мұнайының қадау-қадау оқиғаларына куә болған әйгілі мамандардың ғибратты ғұмыры кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық.

УДК 622.32

ББК 33.36

ISBN

© ОФ «Мұнайшы», 2011

Маңғыстауда мұнай тыңының

Басталуы

(алғысөз орнына)

1951 жылдың жазында Сафи Өтебаев Мәскеуге «Қазақстанмұнай» бірлестігін бекітуге барғанда КСРО Мұнай өнеркәсібі министрі Н.К. Байбаковтан: – Маңғыстау түбегін зерттеу қашан басталады? – деп сұраған еді. Сонда министр: – Көп кешікпей. Сол үшін де сізді үлкен бірлестікке жетекші етіп тағайындағалы отырмыз. Қазақстанды Баку деңгейіне жеткізерсіз деп ойлаймын – дейді. Бұл бос әңгіме емес еді.

1951 жылы Маңғыстауға келіп, Форт-Шевченко қаласы маңындағы Түбіжік жеріне крелиус геологиялық мұнай іздестіру партиясы (бастығы Ожақай Бегалиев пен геолог Абат Оразалин, бұрғылау шебері Дүмбай Нұрболғанов) орналасты. 1952 жылы Түбіжікке құрылымдық бұрғы салып, К-2 ұңғысының 337-380 метр тереңдігі төменгі бор қбатынан аз мөлшерде ауыр мұнай белгісін алады.

«Қазақстанмұнай» бірлестігі 1954 жылы Қарасаз-Тасбас алаңына зерттеуге екінші геологиялық крелиустық партиясын (бастығы Зейнолла Ысқақов, геологы Қанзиба Өмірзаққызы Есмұрзина, шебері Мұрат Қайырлиев) жіберді. Бұлардың соңынан ала құлсарылық бұрғылау шебері Ғазиз Әбдіразақовпен бірге бірнеше бұрғышылар Гурьевтен өздерінің бұрғылау құрал-саймандарымен көшіп келді. Бұлардың келуімен маңғыстаулық барлаушы-мұнайшылардың да алғашқы тобы тәрбиеленіп, өсіп шықты.

1954 жылы Бекі-Басқұдық дөңіндегі Қарасаз-Тасбас аймағында геологиялық түсірім жүргізу мақсатында карта түзу партиясы құрылып (В.П. Токарев, қарауында геологтар Б. Бекасов. С. Лопатин), 1956 жылға дейін жұмыс жасады.

Маңғыстауға Жылыойдан келген мұнай барлаушылардың алдыңғы легі теңіз арқылы кемемен келсе, одан кейінгі топ қырдың үстімен Маната арқылы жеткені белгілі. Қызан алаңына келген бірінші барлаушылар қатарында мыналарды атауға болады (сол топпен келген бұрғышы Ж. Тоқжановтың мәліметі бойынша):

*Дүйсен Үсенов – барлау бастығы,
Хасан Тәжиев – аға инженер,
Базар Есмұрзин – геолог,
Бағытжан Бисенғалиев – геолог,
Салық Рысқалиев – бұрғылау шебері,
П.И. Шамрай – бұрғылау шебері,
М. Кузнецов – бұрғышы,
Қадыр Қожахметов – бұрғышы,
Әбілқайыр Жақсымбетов – бұрғышы,
Жолдас Тоқжанов – бұрғышы,
Бідан Қалиев – бұрғышы,
Бисенғали Бажиков – бұрғышы,
Николай Михайлович Петров – бұрғышының көмекшісі, кейін бұрғышы,
К. Шульц – механик,
Төреғали Қадыров – бұрғышының көмекшісі,
Оңғар Қабжанов – бұрғышының көмекшісі,
Кесікбай Науанов – бұрғышының көмекшісі,
Алпан Өтешев – моторист,
Қожахмет Қалдыбаев – моторист,
Қабдол Тоқсанбаев – моторист,
Назар Сейтімбетов – моторист,
Атыраубай Аяғанов – моторист,
Дәрі Тоқжанова – мотористтің көмекшісі,
Айша Опиева – мотористтің көмекшісі және т.б.*

1950-1957 жылдарда Маңғыстау аймағында мұнай іздестіру жұмыстарын кең көлемде, жан-жақты геологиялық-геофизикалық жолдар

арқылы Б.Ф. Дьяков пен Н.Н. Черепановтың басшылығымен ВНИГРИ экспедициясы жүргізді.

1950–1952 жылдары Бозашы түбегінің құм мен аумақты сорда тысқары жатқан жерлерінде Б.Г. Юров пен В.И. Драгунов жетекшіліктерімен геофизикалық жұмыстар жүргізілді. Олар Қызан, Шебір, Қырын жерлерінен бірнеше жоғары аномалиялы алаңда белгіленді. Кейіннен бұл аномалиялы алаңдардың тереңдігі жабық жатқан құрылымдар екендігі бұрғылау және сейсмикалық жұмыстар арқылы дәлелденді.

ВНИГРИ-дің «Маңғыстаудың тектоникалық құрылымы және оның мұнай мен газ перспективасы» деген еңбегінде мұнай мен газ табылу мүмкіндігі аса зор деген Бозашы аймағы бойынша Қызан құрылымы көрсетілсе, Тұрқарағанда Түбіжік пен Қосәйнек құрылымдары белгіленген. Сөйтіп осы кезеңдерде көптеген бөлек-бөлек құрылымдар белгілі болып, геологиялық іздестіру және мұнай барлау жұмыстарының бағыттарын атақты ірі ғалымдар белгілеген болатын.

Ендігі кезең өлкеде мұнай мен газ барлау, зерттеу жұмыстарымен айналысатын «Маңғыстаумұнайбарлау» және «Казневтегеофизика» трестерінің аттарымен тікелей байланысты.

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙБАРЛАУ» ТРЕСІ

1957 жылдың 8 сәуірінде «Қазақстанмұнай» бірлестігінің бастығы С. Өтебаевтың бұйрығымен, кеңсесі Форт-Шевченко қаласында орналасқан «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі құрылып, оның құрамына сол кезде Маңғыстауда жұмыс істеп жатқан структуралық-іздестіру партиясы геологиялық іздестіру кеңсесі (В. Козмодемьянский) болып қайта құрылып, оның құрамында екі участок болды, кортировкалық партия (П. Корсун), құрылымдық партия (С. Пикалев) және топографиялық партия (А. Егоров, В. Солодов), автокөлік кеңсесі (С. Өтепов, Л. Донков), құрылыс құрастыру (П. Сим, П. Цепов), жұмысшыларды жабдықтау бөлімдері (Б.К. Бисенов) енді.

Треске бастық болып Орынбай Адайұлы Бердіғожин, бас инженерлікке Бағытжан Есенғалиев, бас геологтікке Валентин Токарев, бас есепшіге Бақтыгерей Қосмағамбетов, бас механиктікке В. Суворов, жоспарлау-экономика бөлімі бастығына Дәулет Бисенов, мамандар және еңбекақы бөлімі бастығына Саудабай Қаналиев тағайындалды.

Форт-Шевченко ауданының басшылары Мазан Халелов, Елмырза Есекенов барлаушыларға жағдай туғызып, треске кеңсе, қызметшілеріне үй-жай тауып берді.

1957 жылы Қарасаз – Тасбас крелиустік партиясы Ақшымырау – Қызанға көшіріліп, оған Қ. Садықов басшылық жасады, аға инженері Б. Баймұқашев, аға геологы Ә. Нұрманов болды. Ал Қызандағы терең барлау-бұрғылау партиясының бастығы 1958 жылы Д. Үсенов, аға инженері Х. Тәжиев, аға геологы Т. Есмұрзин еді.

Михаил Волонкиннің монтажшылары кезекті мұнараны құрастырып жатқанда, ембілік бұрғылау шеберлері Салық Рысқалиев пен Төлеген Құрманов 50 адаммен Қызанға жіберілді. Бұрғышылар отбасыларын көшіріп алып, жертөлелерде тұрды. Маңғыстау тарихында алғашқы терең бұрғылау жұмыстары осылай 1958 жылдың басында Түбіжік пен Қызан алаңдарында басталған болатын. Бұрғылауға техникалық су аса қажет еді. Жетібайда су үшін К-1 ұңғысы бұрғыланып, техникалық су алынды.

Басқару, бұрғылау алаңдарына жақын болсын деп «МНГР» тресінің құрамына 1958 жылы Құлсары бұрғылау конторы Таушыққа көшіріліп әкелінді. Оның директоры Зайлағи Есенов, бас инженері Асабай Хисметов, бас геологы Аманжан Телешов, инженері Хасан Алдақов, геологы Самат Сейітжанов болды. Түбіжік пен Қызаннан күткен үміт ақталмаған соң бұрғылау конторы 1959 жылы қайтадан Құлсарыға, Қызандағы (Имағамбет) бұрғышылар Жетібайға, Түбіжіктегі бұрғышылар мен Ақшымыраудағы құрылымдық бөлімше Өзенге көшірілді.

1958 жылы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі «Қазақстанмұнай» бірлестігінен алынып, Қазақ КСР Геология және кен қорғау министрлігінің Батыс Қазақстан геологиялық басқармасына берілді. Треске бастық болып Халел Өзбекқалиев, бас инженер болып Асабай Хисметов, бас геологы болып Валентин Токарев тағайындалды.

1958-1959 жылдары Бозашы түбегінде алғашқы нақты іздестіру, барлау жұмыстары Одақтың орталық ғылыми институттары ғалымдарының ұсыныстарымен Қызан, Қошақ, Қырын құрылымдарында; Түпқарағанда–Түбіжік, Қосәйнек, Қаратам; Оңтүстік Маңғыстауда Қарасаз, Тасбас алаңдарында жүргізілді. Қызан құрылымдарында да іздестіру және терең бұрғылау жұмыстары қатар атқарылды. Алайда қазылған ұңғылар арқылы жер қабаттары ашылып, зерттелгенімен онда мұнай мен газ белгілері кездеспеді.

Тұпқараған мен Оңтүстік Маңғыстау аймақтарындағы Түбіжік, Қарасаз, Тасбас алаңдарында қазылған ұңғылардан да мұнай мен газ алынбады. Алаң қабаттарында кездескен мұнай белгілері тотығып, жеңіл компоненттерінен (газ) айырылып, мұнай іркілген қабаттарда қысым қалмаған болып шықты.

1960 жылы А.И. Димаков бұрынғы жүргізілген геологиялық және сейсмикалық түсірімнің материалдарын қайтадан тексере келіп, Бозашы аймағының құрылымын тереңде жатқан қабаттар бойынша жүргізу керек деп шешті. Солтүстік Бозашы дөңінің төбе тұсындағы белгіленген көтеріңкі аномалиялық алаңдардың тұстарында Үлкенсор және Қаражанбас сияқты бөлек-бөлек құрылымдық биіктер бар деген тұжырым жасайды.

1960 жылы Г.Ф. Шведов пен Г.И. Фортуно жетекшілік ететін Маңғыстау экспедициясына қарасты бұрғылау партиясы Бозашы дөңінің күнбатысындағы №7 Долгий құрылымдық ұңғысын 1200 метрлік жобамен қаза бастады. Бұл жер қазіргі мұнай өндіріліп жатқан Қаражанбас құрылымының (К-2) батыс жағында 3 шақырым етегінде орналасқан. Бұрғылау кезінде 360-380 метр тереңдік аралығынан мұнай сіңген құм аралас саз кездеседі. Ұңғының тереңдігі 385 метрге жеткенде одан газ көпіршіктері араласан су бұрқағы атқылай бастайды.

Су бұрқағының ұңғы жақтауларын жуып құлату қаупіне байланысты, үмітті қауіп женеді. Мұнай мен газ белгілеріне қарамастан, керекті геологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілместен ұңғы цементтеліп, ол біржола жабылып тасталды. Сөйтіп, институттың ғылыми қызметкерлерінің жауапкерсіздігінің кесірінен құнды геологиялық мәліметтер алынбай қалды. Қызан алаңдарында қазылған ұңғылардан да мұнай белгілері табылмады.

Бозашы дөңінде қазылған ұңғыдан су бұрқағының атқылауы, мұнай қабаттарын сақтап тұратын төменгі бор қабаттарының айтарлықтай жұқа болуы, оларды сыртынан орап жауып тұратын жоғарғы бор тұнбаларының болмауы көпшілік геолог ғалымдардың теріс пікіріне әкеліп соқтырды. Олар Солтүстік Бозашы дөңін мұнай мен газ тоқтату мүмкіндігі аз аймақ қатарына жатқызады...

Осыған байланысты Терістік Батыс Бозашы аймағы 1960 жылы Гурьев облыстық атқару комитетінің шешімімен КСРО Қорғаныс Министрлігіне ракеталарды сынау полигоны ретінде берілді. Сөйтіп, бұл аймақта геологиялық іздестіру жұмыстары тоқтатылды.

Одақтың Мәскеу, Ленинград сияқты орталық қалаларындағы ғылыми-зерттеу институттары мен Мұнай министрлігінің алғашқы ұсыныстарының нәтижесіз болуына байланысты, 1958 жылдан бастап мұнайды іздестіру мен барлау жұмыстары Мұнай министрлігінен алынып, Геология министрлігіне өткізілді.

Бұл дұрыс шешім еді. Себебі бұрынғыдай емес, енді мұнай мен газды іздестіру бағыттары түбегейлі өзгерді. Ғалымдар мен білімді геолог-барлаушылар іздестіру және барлау жұмыстарының бағыттарын жаңа перспективалы аймақтарға бағыттады. Алғашқы кезде Геология министрлігінде керекті техникалық және материалдық ресурстар жетіспеді. Сонын салдарынан барлау, бұрғылау жұмыстарында кедергілер жиі кездесіп отырды.

ВНИГРИ-дің геофизиктері А.И. Димаков пен А.Б. Коган 1955 жылы аймақтық маршруттық геофизикалық жұмыс жүргізген кезде Қарасаз–Тасбас алаңынан оның оңтүстігіндегі 25 шақырымдай жердегі Жетібай құдықтары маңайында төменгі бор қабаттары бойынша шағын белес кездестірген-ді. Осы Жетібай алаңына 1957–58 жылдары «Қазақстан-геофизика» тресінің геофизиктері Ю.К. Писаревский мен А.И. Тараткевич сейсмикалық түсірім жүргізіп, үлкен құрылымдық дөңес бар екендігін анықтады.

Жетібай құрылымдық дөңесінің тереңдігі 1200 метрдегі деңгейі бойынша, биіктігі 50 метрден астам, аумағы 20×5 шақырымдай болды. Жетібай алаңында сейсмикалық жұмыстарды жүргізуде көптеген қиындықтар болды. Жақын маңайда сейсмикалық қопарғыш ұңғыларды қазуға керекті техникалық су көздері болмады. Сондықтан оларды сумен қамтамасыз ету мақсатында «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресіне қарасты геологиялық іздестіру конторы осы алаңдағы бірінші қазылған құрылымдық іздестіру ұңғысын суға сынап, 40 метр тереңдіктен су алып берді. Сөйтіп, бұл алаңдарда енді сейсмикалық жұмыстармен қатар құрылымдық-іздестіру бұрғылауы да жүргізілді (Қ. Жанұзақов, Ә. Нұрманов). Жетібай алаңында 1957–1959 жылдар аралығында небары, 22 құрылымдық ұңғысы бұрғыланып, оның жалпы метражы 11218 метр болды.

Жүргізілген құрылымдық-іздестіру, бұрғылау жұмыстарының нәтижесінде Жетібай алаңының геологиялық құрылымы, оның аумағы мен көлемі анықталып, ашылған шөгінділердің стратиграфиялық кестесі

жасақталды. Сол жүргізілген геологиялық жұмыстар жөніндегі есеп, Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының ғылыми кеңесінде қорғалып, өте жақсы деген баға алынды.

1959 жылы Гурьев қаласында КСРО және Қазақ КСР геология министрліктері, Қазақ КСР Ғылым Академиясы, Гурьев Халық шаруашылығы кеңесінің ұйымдастыруымен біріккен ғылыми-техникалық конференция өтті. Онда Қазақстанда мұнай-газ кен орындарын барлау және мұнай кен орындарын игерудің тиімділігін арттыру мәселелері талқыланып, геологиялық-геофизикалық іздестірулердің кешенді жоқпары бекітілді. Конференцияда Оңтүстік Ембі, Қос Өзен, Үстірт және Оңтүстік Маңғыстау алаңдарын барлауға ерекше мән берілді. Терең бұрғылауды перспективалы Оңтүстік Маңғыстауға бағыттауға тұжырым жасалды.

Жетібай 1957 жылдан бастап геологиялық іздестіру экспедициясына (Қ. Мырзағалиев, В.В. Козмодемьянский) қарасты Жетібай партиясы (Қ. Жанұзақов, Ә. Нұрманов) құрылымдық бұрғылау жүргізіп, 1959 жылы «Қазмұнайгеофизика» тресі Оңтүстік Маңғыстаудың құрылымдарын зерттеу үшін Өзенге М.К. Байларова мен Ж.К. Төремұратов басқарған, ал Жетібайға Ю.К. Писаревский мен А.Н. Тараткевич басқарған сейсмикалық партияларды жіберді.

Маңғыстауда терең бұрғылау жұмыстарының басталып, кең қарқын алуына орай, мамандар тапшылығы сезіле бастады, Осы кезде жергілікті мамандарды дайындау мәселесі туындады. Осыған орай Форт-Шевченко ауданының партия, кеңес ұйымдары мен трест басшылары Форттағы орта мектеп жанынан дизелист-мотористтер даярлайтын курс ашты. Осы курста оқыған 1958 және 1959 жылдары мектеп бітірген 40-тан астам жас жігіт комсомолдық жолдамамен бұрғылау алаңдарына жұмысқа келді. Бұл үрдіс кейінгі бітірушілер үшін де жалғасты. Олар: Сағын Қырымқұлов, Бөгенбай Қожықов, Бекболат Ізтұрғанов, Көшербай Әлібаев, Қайып Азанбаев, Сатыбалды Нұрлыбеков, Ізтұрған Сүйіндіков, Нұрмұхан Қанатбаев, Құрманғали Ербозов және т.б. кейін Маңғыстау мұнайын алғаш ашушыларға, игерушілерге, кейбіреулері оның ұйымдастырушы-жетекшілеріне айналды. Мектепте мотористік курсты бітіріп, алғашқы еңбек жолын 1959 жылы Қошақ алаңында моторист болып бастаған Сағын Ерқасұлы Қырымқұлов кейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның бас директоры болды.

ЖЕТІБАЙ АЛАҢЫНДА

Ертеде бұл өңірді ағайынды жеті жігіт мекендепті. Бір жылы жұт болып, малдарынан айырылып, жетеуі жеті қотыр таймен ғана қалыпты. «Ырыс алды – ынтымақ» деген ғой, жұтағандарына мойымаған жігіттер бірлесе еңбек етіп, өмір сүрулерінің нәтижесінде әлгі жеті тай өсіп-өсіп жеті жүз жылқыға жетіпті. Еншілері бөлінбей осы өңірді жайлаған ағайынды жігіттердің ауылын өзгелер «жеті байдың ауылы» деп атап кеткен екен. Жер атауы содан қалған дейді аңыз. Жетібай шыңырау құдықтары өз басынан өткен небір оқиғаларды бүгіп, үнсіз ғана барлаушыларды да суымен қамтамасыз етті.

1958 жылы барлаушылардың келуімен Жетібай жерінде үш жер-төле пайда болды. Оның бірі – бұрғылау бригадасының, екіншісі – сейсмиктердің, үшіншісі – партия мүлкінің күзетшісі Мешітбай Жарылғасовтың жертөлесі болатын.

1959 жылғы 24 қаңтар күні Жетібай алаңындағы №1 терең бұрғылау ұңғысын қазу басталды. Бригадаға Ю. Кузнецов, Ж. Жұматов, К. Тарабрин т.б. жетекшілік етті. Алайда ұңғыны бұрғылау өте баяу жүрді. Қажетті құрал-саймандар, техникалық су жетіспей бұрғылау бірнеше қайтара тоқтап қала берді. Соның салдарынан скважинаның қабырғасы құлап, бұрғылау құбыры ұсталып қала берді. Қиындыққа шыдамай 8 бұрғылау шебері ауысты. Осындай қиындықтармен арпалыса жүріп, ұңғының тереңдігі 2500 метрден асып, ондағы жоғары және орталық юра шөгінділері ашылды. Орталық юра шөгіндісінен көтерілген кернде (жыныста) сіңген мұнай белгілері бар екендігі анықталды. Сонымен қатар ұңғыдан шығып жатқан бұрғылау ерітіндісінде газ көпіршіктері көрінді.

Бұл нәтижелер аймақта мұнайдың бар екендігін білдіретін, мұнай қабаттарының адам ақылына бағынып, өз құпияларын еріксіз аша бастағанының белгісі еді. Алайда қазып жатқан бұрғылау құбыры 2653 метр тереңдікке жеткенде ол забойда ұсталып қалып, ұңғы техникалық себептермен жабылды. Ешқандай зерттеу жұмыстары жүргізілмеді.

1959 жылғы 5 тамызда Жетібайдағы бұрғылау шебері Салық Рысқалиев басқарған №2 ұңғы бастап бұрғыланып, ол 1960 жылғы ақпан айының соңғы күндерінде тереңдігі 1700 метрден асқанда, забойдан көтерілген жыныспен (кернмен) мұнай сіңген саз аралас құм шықты. Бұл да геологтар үшін аса қуанышты жағдай еді. Өйткені зерттел-

мей жабылып қалған №1 ұңғыда кездескен мұнайлы қабаттардың Жетібай дөңінде үлкен аланды алып жатқанын білдіретін белгі еді. Бұл ұңғыда бұрғышылар Қ. Қожахметовтың, Ә. Жақсымбетовтың, И. Молдағалиевтың, Ж. Токжановтың вахталары еңбек етті.

Қазылған ұңғыларда мұнай белгілерін көрген геологтар Жетібай алаңының болашағы зор екенін болжап, істеліп жатқан жұмыстарды жалғастыру керек деген тұжырымға келді. Бұл шешімнің дұрыстығы қазылып жатқан №1, 2 және 6 ұңғыларда жүргізілген каротаж жұмыстарын салыстырып қарағанда нақты анықтала түсті. Енді осы алынып жатқан аса құнды геологиялық материалдарды іс жүзінде дәлелдеп көрсету қажет болды.

Ол үшін Жетібай алаңының үлкен өндірістік кен орны екендігіне көз жеткізу мақсатында қазылып жатқан ұңғыларды мұқият зерттеп, одан сынау жолымен мұнай мен газ алу керек еді. Геологтар ұңғыдан көтерілген кернді аса жауапкершілікпен зерттеп, олардың кейбіріне мұнай сіңгендігін анықтады. Ұңғылардан көтерілген керндер мен геофизикалық мәліметтерді салыстыра отырып, геологтар №6 ұңғыдан 2300 метр тереңдіктің төменгі 500 метрдей, юра шөгіндісіне жататын қабаты түгелдей газ бен мұнайлы деген тұжырым жасалды.

Қазылып жатқан №2 ұңғының тереңдігі 2007 метрге жеткен кезде, әрі қарай қазу алдындағы жуу кезінде бұрғылау құбырлары қашауымен (долотосымен) ұсталып қалды. Оның негізгі себептері қазылып жатқан ұңғылардың керекті құралдармен, технологиялық материалдармен қамтамасыз етілмеуі және бұрғылау ерітінділеріне қосатын керекті химиялық қоспалардың жетіспеуі еді.

Бұрғылау ұңғыларында осындай авариялардың қайта-қайта кездесе беруі салдарынан бұрғылау басталған екі жылдың ішінде бірде-бір ұңғы жобаланған тереңдігіне жеткізілмеді және сыналмады. Бұл жағдайлар геолог мамандардың асыға күтіп отырған Жетібай алаңына өндірістік баға беру жолындағы аса маңызды керек көрсеткіш – мұнай бұрқағын алу мерзімін алыстата берді. Енді геолог барлаушыларға қолдарына ұстап, көздері көріп отырған Жетібай алаңынан алынған теңдесі жоқ аса маңызды геологиялық-геофизикалық мәліметтерді іс жүзінде дәлелдеу үшін жауапты шешімге баруға тура келді.

Сөйтіп, бұрғылау шебері Салық Рысқалиев бригадасы қазып жатқан №2 ұңғыдан 2007 метр тереңдікте ұсталып қалған бұрғылау құбыры өндірістік құбырдың орнына шегенделіп, 1960 жылғы қазан айының

басында 1905–1909 метр аралығындағы тереңдіктен тәулігіне 1,6 текше метрдей таза мұнай алынды. Бұл Маңғыстаудың тұла бойы тұңғыш мұнайы еді. Бірақ оны дабыра жасамай жұмыс одан әрі жалғаса берді.

Гурьевтегі «Қазақстанмұнай» бірлестігіне қарасты орталық зертханасында жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Жетібай мұнайының құрамында 22-24% парафині бар екендігі және оның қатаю температурасы $+30^{\circ}\text{C}$ басталатындығы, мұнайдың тығыздығы – $0,864 \text{ г/см}^3$ екендігі анықталды және оның сапасы өте жоғары деген баға берілді.

Осы уақытта қазылып жатқан үшінші терең №6 скважинаны 1960 жылдың 8 мамырында бұрғылау шебері Николай Петровтың бригадасы бастаған еді. Қазылған 1, 2 және қазылып жатқан №6 скважинадан алынған геологиялық және геофизикалық материалдарды қайта-қайта терең зерттеп, оларды өзара салыстыра отырып барлаушылар маңызды шешімге келген болатын: «Бұл ұңғылардағы жалпы қалыңдығы 500 метрден асатын юра шөгінділерінде саз қабаттарымен бөлінген бірнеше мұнайлы қабаттардың қалыңдығы 10 метрге дейін жетеді, әсіресе №6 ұңғыдағы мұнайлы қабаттар қалыңдау, негізгі төменгі (ХІІ-Ю) қабатының қалыңдығы 25 метрге дейін барады», – деген тұжырым жасалынды. Сөйтіп, геологтар Жетібайдың өндірістік мұнайын алудың нағыз шешуші кезеңінің жақындап қалғанын сезінді.

1961 жылы 5 қаңтарда Өзен алаңында бұрғылау шебері Ғазиз Әбдіразақов бригадасы бұрғылаған К-18 ұңғысынан Маңғыстаудағы тұңғыш табиғи газ бұрқағы атқылады. Өзен алаңында құрылымдық іздестіру жұмысын Маңғыстау геологиялық іздестіру мұнай экспедициясына (МГПНЭ, Қ. Мырзағалиев, В.В. Козмодемьянский) қарайтын Өзен іздестіру партиясы (З. Ысқақов, Ә. Нұрманов) жүргізген болатын. Өзен алаңынан алынған табиғи газ фонтаны сөз жоқ, болашақта ашылғалы тұрған Маңғыстаудың мол мұнайы мен газының алғашқы хабаршысы болатын.

1961 жылғы 5 шілдеде шебер Николай Петров бригадасы бұрғылаған №6 ұңғының 2383–2386 метр тереңдік аралығынан түбекте тұңғыш қуатты ашық мұнай бұрқағы атқылады. Бұрқақ үш күн бойы атқылап, үш мың тонна мұнай шығарды. Бұрғышылардың өз күшімен бұрқақ ауыздықталды. Бір ғажабы бұл бригадада жұмыс істейтіндердің бәрі де (Петровтан басқасы) жергілікті қазақ жігіттері болатын.

АЛҒАШҚЫ ФОНТАН

1960 жылдың 8 мамырында бұрғылау жұмыстарын бастаған №6 скважинаның тереңдігі шілде айының басында 2608 метрге жетіп, қашауды ауыстырып, бұрғылау құбырын ұңғыға жіберу кезінде 2420 метрдей тереңдікте құбыр ұсталып қалды. Ұсталған құбырды бо-сатуға бағытталған түрлі жұмыстар ешбір нәтиже бермеді. Сөйтіп, қа-зылған үш ұңғының үшеуі де (№1, 2, 6) жобаланған тереңдікке жетпей аварияға душар болды.

Әрине, әр кезеңнің өзіне ғана тән қиындықтары болады. Басқан қадамы кері кетіп, қайта-қайта жолы болмайтын осындай ауыр кезеңді Маңғыстаудың алғашқы геолог-барлаушылары да бастарынан та-лай өткерген. Сол уақыттағы жол қатынасын былай қойғанның өзінде бұрғылауға керекті құрал-саймандар, технологиялық материалдар, ерітіндіге қосатын қажетті химиялық қоспалар, тіпті техникалық сумен камтамасыз ететін транспорт та жетіспеді.

Геологиялық зерттеулер бойынша «мен мұндалап», бірақ қолға ұстатпай тұрған мол мұнайды дәлелдеу үшін жауапкершілігі өте ауыр, батыл шешім қажет болды.

1961 жылдың маусым айының соңғы күндерінің бірінде «Маңғыс-таумұнайгазбарлау» тресінің техникалық кеңесінде осындай шешім қабылданды. Шешім алдын-ала Гурьевтегі Батыс Қазақстан геология-лық басқармасының (БҚГБ) бас геологы Нәрен Орынбайұлы Имашев-пен келісілген болатын. Бұл: *«аварияға түскен №6 барлау ұңғысын-дағы 2420-2430 метрдей тереңдікте ұсталып тұрған бұрғылау құ-бырын шегендеп, ашылған юра шөгіндісіндегі мұнайлы қабаттарды сынап, тексеру керек»* – деген шешім еді.

Осы қабылдаған шешім бойынша №6 барлау ұңғысында жұмыстар жүргізіліп, төменгі 2405-2383 метр аралығындағы қабаттың жоғарғы 6 метрлі кумулятивтік зарядпен тестіріліп, ұңғыға насостық-компрес-сорлық құбыр (НКТ) жіберіле бастады. Бұл 1961 жылдың төртінші шіл-десі болатын. Жіберіліп жатқан құбыр 1140 метрге жеткесін ұңғыдағы бұрғылау ерітіндісі жердегі қабылдау амбардан асып төгіле бастады. Осыған байланысты ерітіндінің салмағы ауырлатылды.

1961 жылдың 5 шілдесі күні таңертеңгі төрт шамасында ұңғыдан асып төгіліп жатқан ерітінді бірте-бірте көбейіп, әуелі қуатты гүріл естіліп, лезде скважинадан мұнайдың дүлей селі атылып жүре берді.

Скважинадан атқылап жатқан мұнай фонтанының қуаттылығы сондай, 53 метрлік мұнаның кран блогы көрінбей кетті.

6 шілде күні таңғы сағат сегізге дейін мұнара басына разведка бастығы Хасан Тәжиев, трестің бас инженері Асабай Хисметов пен авариялық жұмыстар жөніндегі шебер Дүйсен Үсенов, трестің бас геологы Валентин Токарев келіп жетті. Көп ұзамай осылардың ізінше поселкенің тұрғындары, көршілес бригаданың адамдары да келді. Құлағдар болған ел тайлы-тұяғы қалмай осында шұбырды. Бірін-бірі құшақтап сүйіп, сүйінші сұрап, көз жасына ерік берген адамдар. Ешкім де оны сөкет көрмеді. Қаншама жыл, қаншама қиындық өтпеді барлаушылар басынан осы күнге жеткенше!... Кейде қолды бір сілтеп, бәрінен күдер үзе жаздаған күндер де болмай қалған жоқ-ты.

Мұнара басына жиналған трестің және разведканың инженер мамандары сол жерде жедел техникалық кеңес құрып, «ұңғы аузына арматура қойып, селді ауыздықтау жөнінде» шешім қабылдады.

Сол күні таңертең Жетібайдан кеткен радиogramма арқылы фонтан хабары Форт-Шевченко қаласындағы трестің бастығы Халел Өзбекқалиевке жетті, одан Гурьевке, әрі қарай Алматыға, Мәскеуге жетіп үлгерді. Сөйтіп, Маңғыстаудан тараған бұл қуанышты хабар аса үлкен жылдамдықпен Одақтың түкпір-түкпірін шарлап кете берді де, Маңғыстау есімін әп-сетте-ақ әлемге паш етті.

Көп кешікпей ұшақпен Гурьев қаласынан Батыс Қазақстан геология басқармасының бастығы (ЗКГУ-дің) Е. Иванов пен бас геологы Н. Имашев келді. Олардан соң бірнеше сағаттардан кейін өмірінде Маңғыстау жерін басып көрмеген КСРО геология министрінің орынбасары Б.Н. Ерофеев және Қазақстанның геология министрі Ш.Е. Есенов, КСРО геология министрлігіндегі геология басқармасының бастығы Н.А. Калинин ұшақпен Жетібай жеріне келіп қонды.

Жетібай алаңындағы №6 терең бұрғылау скважинасынан 1961 жылдың 5-шілдесі күні атқылаған алғашқы қуатты мұнай фонтаны тек қана Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағында аса аумақты Маңғыстау мұнайлы аймағының ашылғанын жаһанға жария етті.

Келесі күні «Правда» газетінің кезекті санында «Оңтүстік Маңғыстаудағы Жетібай алаңында қазылған №6 бұрғылау ұңғысынан аса қуатты мұнай селі алынды. Бұл Қазақстанда жаңа мұнайлы Маңғыстау аймағы ашылды деген сөз» деп министрдің орынбасары Б.Н. Ерофе-

ев пен геология басқармасының бастығы Н.А. Калинин қуана, елден сүйінші сұраған мақала жариялады.

Қазір Маңғыстау мұнайы мен газының өшпес тарихының жарқын беттеріне айналып, естеліктердің еншісіне кеткен, ал кезінде көп адамдардың түнде ұйқысын, ал күндіз күлкісін қашырған, кейін киелі өлкенің бұрынғы қасиетін қайта оралтып, маңдайына бақ болып қонып, космостық жылдамдықпен қарыштап өркендеуіне негіз қалаған сол күнгі оқиға қалай болып еді өзі...

№6 ұңғыда төрт вахта жұмыс істейтін. Бірінші вахтаның бұрғышысы Шонтыбаев Сабырбай, екінші вахтаның бұрғышысы Қалиев Бідән, үшінші вахтаның бұрғышысы Бәжіков Бисенғали, төртінші вахтаның бұрғышысы Берікболсынов Кемелхан еді.

Бұдан 50 жыл бұрын болған оқиғаны, сол кезде С. Шонтыбаевтың вахтасында көмекші бұрғышы болған жас жігіт Қайып Азанбайұлы былай деп есіне алады:

«Бұрқақ 5 шілде күні шамамен сағат 22.00 шамасында бұрғышы Бисенғали Бәжіковтың вахтасында атты зой. Біздің вахта алдында ғана оған насостық компрессор тұрбаларын жіберуді бастап кеткен болатын.

Бұлардың еншісіне шамалы тұрба ғана қалған еді. Басқару пультінде бұрғышы Бисенғали тұрған. Әріптестері: «Жігіттер, Бисекең тұрғанда жұмысымызда ақау болады екен деп ойламаңдар, ол талай асау фонтандарды ауыздықтаған адам! – деп өздеріне сүйеу көретін. Шындығында да оның көмекшілерінің бәрі де бұрын жер астынан мұнай шығарып көрмеген тәжірибесі аз жастар болатын. Кенет маңайды жер асты тұңғиығынан ышқына шыққан шуыл үрейі басып кетеді. Мынау жарық дүниеде бұрын-соңды өздері естімеген алапат дыбыстан бұрғылау алаңында жүргендердің бойларын үрей билеп, не нәрсе екенін түсіне алмай, зәрелері ұшып кеткендері шындық еді. Бейне жер сілкініп кеткендей болған. Не болғанын бірінші Бисенғали ұғынған да «қап!» – деген. Өйткені мана Бисенғалидың «ұңғы аузына фонтанды арматура орнатып алайық» дегеніне геолог Тевяшов көнбей «қайдағы фонтан, межелі қабатқа жетпей, мұнай болмақ емес» деп тұрбаларды тездетіп жіберіп, сынақ жұмысын жылдам бастауға

асыққан. Бірақ дәулей күш геологтық байламына көнбей, өз дегенін істеген.

Осы зор дауыстың артын ала қас-қағым сәтте тұрба аузынан ыстық ерітінді атқылай жөнелді. Биіктігі 53 метрлік алып «Урал-маш-5Д» мұнарасы жас шыбықтай дір-дір етіп теңселіп кеткен. Бисекең Ембінің талай мұнай-газ фонтандарын аттырып, ауыздықтаған аса тәжірибелі бұрғышы болатын. Ол қарауындағыларды сабырлыққа шақырып, сонда да дауысы тарғылдана шығып, тез-тез тапсырмаларын беріп үлгерді: «Кесікбай, Найзабек, тұрбаның аузына фонтанды арматураның флянс-шайбасын орнатыңдар! Ермұқан, дизельдің қасынан шықпа, сөндіруге әзір тұр!»

«Ашық фонтан» деген барлаушылар тілінде авария деген сөз. Амал не, жоғары қысыммен атқылаған ыстық мұнай араласқан ерітіндінің қуаты фонтанды ауыздықтайтын құралды орнатуға бұрғышыларға мүмкіндік бермеді.

Осы кезде сұйық ерітіндінің артын ала мұнай ата жөнелді. Мұндайда не істеу керектігін білетін тәжірибелі бұрғышы Б. Бажиков өрт қауіпсіздігін сақтап, моторды сөндіріп үлгерді... Әп сәтте мұнара жанындағы ойпаңда қап-қара мұнай көлі пайда болды.

Фонтан атқан сол күні трестің бас инженері Асабай Хисметов Жетібайда болатын. Трест тарапынан бұрқақты тез арада ауыздықтаудың шаралары алынды. Бұл жұмыстарға осы саланың білгірлері, талай атылған бұрқақтарға бас білдіру жолдарын бастарынан кешірген инженерлер Тәжиев Хасан, Үсенов Дүйсен, Алдақов Хасан басшылық жасады».

Ленин орденінің иегері, бұрғылау шебері, бүгінгі зейнеткер Жолдас Тоқжанов ол кезде шебер Салық Рысқалиевтің қарамағындағы №2 ұңғыда бұрғышы еді. Алдында ғана №6 ұңғының төртінші вахтасының бұрғышысы Кемелхан Берікбосынов сырқаттанып қалып, оның орнына уақытша Ж. Тоқжанов жіберілген болатын. Ол сол оқиғаны – 1961 жылдың 5 шілдесін, былайша есіне алады:

«Таңертең ертемен мұнара басына барсақ, мұнара қара майға бөккен, фонтан екі жаққа атып тұр. Міне, ақ түйенің қарны жарылды деген осы. Әп сәтте мұнара маңы халыққа толып кетті. Аттылы кім, түйелі кім, жаяу кім, біліп болмайсың. Разведка басшылары тез естерін жинап, ентелеген халықты кейін серпілтіп, фонтанға жақындаудың аса қауіпті екенін түсіндіріп әлек. Ақыры халықты

кейін серпілтіп, мұнараға 200 метрге дейін жақындатпаудың шарасын алып, күзет қойылды.

Трестің бас инженері Асабай Хисметов келді. Басты мәселе – фонтанды ауыздықтау. Дереву жедел жоспар жасалып, бұрқақты ауыздықтауға кірісіп кеттік. Бір вахтаны мен, ал екінші вахтаны бұрғышы Сабырбай Шонтыбаев басқарды. Бұл күрмеуі көп, аса қиын істі күрделі жұмыстар жөніндегі шебер Д. Үсеновтың басшылығымен жүзеге асыратын болдық. Он бес–жиырма минуттан кезектесіп, фонтанның астына түсеміз.

Бұрын Қосшағылда, Төлесте алған тәжірибем іске асты. Қайткенде де ұңғының аузына фонтан арматурасын орнатуымыз керек. Гүрілдеген дауыс жер жарады. Моторды жіберуге болмайды. Электр ұшқыны өртті лап еткізеді. Сондықтан забойдағы тұрбаны қолмен көтерудің, элеваторды қолмен алудың әдісін табуымыз қажет. Мезгіл аспан айналып жерге түскен кез зой, ал жер астынан шығуға асыққан мұнайдың температурасы 80 градус, он бес – жиырма минуттық фонтанмен алысқан жұмысымызда қара майға шомылып, діңкеміз құрып шығамыз.

Ақыры тұрбаны ашып, сақинаны орнаттық-ау! Үш күн арпалыста фонтанның дүлей күші ауыздықталып, жуасыды. Яғни, ол адамның дегеніне көніп, айдағанына жүретін болды. Фонтанмен арпалыс кезінде әрқайсымыздың аузымызда «иә, Бекет, өзің қолдай көр!» сөзі ғана жүрді. Өрт болдырмай үш күнде асауды дегенімізге көндіргеніміз – атаның ұрпағын желеп-жебегеннен де шығар-ау! Міне соның қызығын қазір бүкіл қазақ елі көріп келеді...»

Бұрқақты ауыздықтаушылар екі вахтаға бөлініп бұла күшпен алысты. Олар – Жолдас Тоқжановтың қарауына берілген:

Жүзбаев Тілеген, Науымов Кесікбай, Жанғалиев Әділ болса, ал Шонтыбаев Сабырбайдың вахтасында: Азанбаев Қайып, Мұхатов Жігер, Өтегенов Кесікбай т.б. болатын. Бұлар әрбір 15-20 минут сайын 80 градустық ыстық мұнай бұрқағы астында арпалысып, қондырғыны от ұшқынын шығармайтын жұмсақ жезден жасалған кілтпен қолмен бұрады. Әйтпесе әр секундта өрт шығу қаупі төніп тұрған.

Осы кезде Жетібай алаңында өндірістік практикада жүрген, болашақ жас геолог (кейін трестің белді геологы, облыстық партия комитеті ұйымдастыру бөлімі меңгерушісі, Мұнайшы, Ералиев аупарткомдарының бірінші хатшысы) Тергеу Айдарханов өзі куә болған оқиғаны

былай еске алады: «Фонтанды ауыздықтауда талай түз батырлары жандарын шүберекке түйіп, қажыр, қайрат, ерлік көрсетті. Менің есімде қалған оқиға Жақыпов Әнетбай деген жігіттің жанқиярлық әрекеті еді. Ол салмағы ауыр элеваторды иығына асып алып, биікке көтерілді. Әр минут қауіпті еді. Ақыры ұшар биіктігі муфтаның жоғарғы жағына элеватордың екі құлағын кигізді... Бұл фонтанның ауыздықталуына жол ашты...»

Капелімде адам сене бермейтін мұндай оқиғалардың үш күнге созылған жан беріп, жан алысқан арпалыста әлде нешеуі болған. Асау бұрқақ ауыздықталып, адамның дегеніне бас ұрғаннан кейін олар барлаушылар арасында рахат сезімге бөлейтін қызықты әңгімелердің арқауына айналды. Ерен еңбек сол қарапайым жандардікі болатын.

Барлаушылар асау мұнай бұрқағымен арпалысып жатқанда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жанболатова Ибаш келіп: «Елге ырыс болды ғой бұл, азаматтар, сіздерге амандық, күш-қуат тілеймін. Іске сәт! Еңбектерің жансын!» – деп барлаушыларға жақсы сөзімен жігер, күш-қуат, беріп кетеді. Бұл сөздер оларға үлкен демеу болды.

ӨЗЕНДЕГІ ТҰҢҒЫШ ГАЗ БҰРҚАҒЫ

Жердің қалай Өзен аталуын дәл басып ешкім айта алмайды. Ертеде үлкен Өзен, кіші Өзен деген суы мол бұлақтар болған деседі. Ол сулар мыңдаған жылқы үйірлерімен келіп қатар ішсе де ортаймайды екен. Ежелгі заманда «Амудария өзені Каспий теңізіне құйған» деген болжамдар бар. Мүмкін Үзбой аталған сол өзеннің жұрнақ салаларының бірі болар. Мүмкін Үзбой аталған сол өзеннің жұрнақ, салаларының бірі болар. Өзен Үстіртінің етегінде ащы суымен аты шыққан Талақ атты құдық бар. Көбіне жер атауы «Өзен-Талақ» болып, осы құдықтың атымен де аталған.

1959 жылдан бастап Жетібай алаңы сияқты барлау жұмыстары Өзен (Қызылсай) алаңында да жүргізіле бастады. Бұл жүргізілген жұмыстардың маңызы айта қаларлықтай зор болды. Өзен алаңының геологиялық құрылысын және көлемі мен аймағын анықтай отырып, оның құбыла жақ іргесіндегі 15 шақырымдай қашықтықта алғаш рет Теңге дөңесі бар екендігі анықталды.

Өзенге халықты тартып, қоныстандыру да басты міндеттердің бірі болған. Өмір сүруге қолайсыздау, шалғай жерге келіп орналасуға сол

кезде ешкімнің де құлқы бола қоймапты. Ірілендірілген геологиялық-іздістіру партиясының бастығы Қамысбай Мырзағалиев тұрғындарды үгіттеп жүріп, Ақшымырау мен Таушықтан киіз үйлерімен, Қ. Бисембаев, Ж. Даңғылов, Ө. Қожахметов отбасыларын көшіріп әкелді. Бұлардың қатарын 1959 жылдың жазында бұрғылау шеберлері Ж. Дәуітовтың, Ш. Есенғалиевтың, З. Құлбековтың, З. Ысқақовтың, С. Сейітжановтың, А. Шолтанов пен Воробьевтың өзге де көптеген жұмысшылардың ағылып келулері тұрғындар санын толықтыра берді.

Қазақстанға, тіпті бүкіл Одаққа белгілі болған Маңғыстаудағы тұңғыш табиғи газ бұрқағы 1961 жылғы 5 қаңтарда Өзен алаңында атақты барлаушы, бұрғылау шебері Ғазиз Әбдіразақовтың бригадасы қазған К-18 ұңғысының төменгі бор шөгіндісіндегі 367 метр тереңдіктен алынып еді.

Бұл шапшып жатқан қуатты табиғи газ бұрқағы Оңтүстік Маңғыстау аймағының мұнай мен газ перспективасының аса зор екендігін нақтылы дәлелдеп берді. Кейіннен қазылған құрылымдық іздістіру ұңғылары (К-38, К-19, К-21) бұл алаңда орасан үлкен Өзен жаңа кен орнының ашылғанын одан әрі әйгілей түсті. К-21 құрылымдық іздістіру ұңғысы арқылы бор шөгінділеріндегі негізгі табиғи газ қабаттары тегістей зерттеліп, олардан өндірістік газ алынды.

1961 жылы бірінші желтоқсанда бұрғылау шебері Михаил Кулебякин бригадасы бұрғылап жатқан Өзен алаңындағы №1 ұңғыдан сынақ кезінде 1248–1261 метр тереңдік аралығындағы қабаттан күшті мұнай бұрқағы алынды.

Жаңадан ашылған Өзен кен орнына тездетіп өндірістік баға беру мақсатында және тереңде юра шөгінділеріндегі мұнай мен газ перспективасын анықтау жолында көптеген жұмыстар жасалды. Санаулы мезгіл ішінде терең барлау-бұрғылау жұмыстарына жоба жасалды.

1962 жылы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі барлау алаңдарына жақын болуы үшін Форт-Шевченкодан Ералиевке көшіп келіп, оны барлаушылардың базалық поселкесіне айналдырды.

1961 жылы Жетібай, Өзен кен орындарының ашылуы, «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің Ералиев поселкесіне орналасуы жергілікті басқару жүйелеріне де көп өзгеріс, жаңалық әкелді. Каспий теңізінің жағасында трест орналасқан Құрық жерінде Ералиев поселкелік кеңесі құрылып, оның атқару комитетінің алғашқы төрағасы болып, өлкеге белгілі, бұрын Шевченко ауданында басшылық қызметтер атқарған

Қойқара Сүйеуов сайланды. Сол жылы құрылысы басталып, келесі оқу жылына геолог-барлаушылардың күшімен салынып бәткен алғашқы мектептің директоры Хақим Ғұмаров болды. Кейін Ералиев (Құрық) поселкесінде халық саны 13 мыңға дейін жетіп, 1973 жылы Ералиев ауданы құрылғанда геолог-барлаушылар поселкесі аудан орталығына айналды.

Маңғыстаудың тұңғыш фонтаны атқан Жетібай жері барлаушылар есебінен жұмысшылар поселкесіне айналып, Жетібай поселкелік кеңесі құрылып, оның атқару комитетінің алғашқы төрағасы болып Сұлтан Жайлиев сайланды. Жетібай поселкесінде алғашқы №3 мектеп 1964 жылы ашылып, оның директоры Майлыбай Өрбісінов болды.

Өзен кен орны ашылған соң Қызылсай жұмысшылар поселкесінен Қызылсай поселкелік кеңесі құрылып, оның атқару комитетінің алғашқы төрағасы болып Б. Сырлыбаев сайланды. Қызылсай поселкесіндегі алғашқы мектеп 1958–1959 жылы ашылды. Алғашқы мұғалім Жұмажан Аққұлова, Манаш Қожаниязов бастауыш сыныптарға сабақ берді.

1962 жылы барлау, бұрғылау жұмыстарының көлемінің артуына байланысты Жетібай мен Өзен алаңдарындағы барлау мекемелері – Жетібай мұнай барлау экспедициясы (А. Хисметов), Х. Тәжиев, В. Тевяшов), Өзен мұнай барлау экспедициясы (Д. Үсенов, А.Д. Александров, Ж. Даутов) болып қайта құрылды. Сол жылы трест құрамында ұңғыларды сынау, шегендеу және №2 автотранспорт конторлары да құрылды.

Сөйтіп, Маңғыстау мұнайын өндіру тез қарқынмен жүргізіліп, аймақтың экономикасы дами бастады. Бірінен соң бірі ашылған мол кен орындары кезіндегі ренішті де, қажып, шаршаған уақытты да ұмыттырып жіберді. Осылай бір кездері құлазып жатқан Маңғыстау Қазақстандағы аса ірі мұнай мен газ өндірісінің орталығына айналды.

Осы тұста «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің құрамында Маңғыстау мұнайын ашу, игеру, өндіру ісіне қатысқан, бүгінгі күнде ардагер-мұнайшылар сапындағы Тоқжанов Жолдас, Үмбеталина Қамқа, Қосмағамбетов Базарбайдың ерен еңбекке толы өмір жолдары мен адами қасиеттері туралы кеңірек әңгімелеп, оқырман қауымды осы үш ардагердің түбектің мұнай саласына елі, халқы үшін атқарған жарты ғасырлық еңбектерімен қосқан үлестері жайлы сыр шертпекпіз.